

## **Электрондық шот-фактураларды жазып беруді салыстырмалы бақылау мәселелері бойынша мемлекеттік кірістер органының шешімдері нысандарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 6 қазандағы № 573 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 8 қазанда № 37084 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі**

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 49-бабының 4-тармағының төртінші бөлігіне, 81-бабының 1) және 3) тармақтарына, 82-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына, 88-бабының 3-тармағына, сондай-ақ 142-бабының 1), 5) және 10) тармақтарына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету бойынша айналымның іс жүзінде жасалғанын растау туралы хабарлама нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету бойынша айналымның іс жүзінде жасалғанын растау туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешім нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес электрондық шот-фактураларды жазып беруді тоқтата тұру туралы шешім нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес электрондық шот-фактураларды жазып беруді тоқтата тұрудың күшін жою туралы шешім нысаны;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету бойынша айналымның іс жүзінде жасалғанын растау туралы хабарламаны орындамаған салық төлеушімен өзара есеп айырысу фактісі туралы хабарлама нысаны;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету бойынша айналымның іс жүзінде жасалғанын растау туралы хабарламасы орындалмаған деп танылған салық төлеушімен өзара есеп айырысу фактісі туралы хабарлама нысаны бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

М. Такиев

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
2025 жылғы 6 қазандағы  
№ 573 бұйрығына 1-қосымша  
нысан

#### **Тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету бойынша айналымның іс жүзінде жасалғанын растау туралы хабарлама**

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл № \_\_\_\_\_

(мемлекеттік кірістер органының атауы, коды, мекенжайы)

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 142-бабы 1) тармақшасына және 82-бабы 1-тармағы 5) тармақшасына сәйкес Сізге:

(салық төлеушінің (салық агентінің) жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген

тегі, аты, әкесінің аты (егер ол көрсетілсе) (бұдан әрі – ТАӘ) немесе атауы, орналасқан жері, басшысының ТАӘ)

(жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету бойынша айналымның іс жүзінде жасалғанын анықтау мақсатында мемлекеттік кірістер органы

жүргізген электрондық шот-фактураларды жазып беруді салыстырмалы бақылау нәтижелері бойынша \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ күні анықталған салық

органының олардың іс жүзінде жасалғанына күмәні бар тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету жөніндегі операциялардың бар

екендігі туралы хабарлайды.

\_\_\_\_\_ (кезең)

Салық кодексінің 82-бабы 2-тармағының екінші абзацына сәйкес осы хабарламаны ол тапсырылған күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде орындау қажет.

Салық кодексінің 142-бабының 2-тармағына сәйкес салық төлеуші хабарламаны:

1) хабарламада көрсетілген электрондық шот-фактуралар бойынша айналым жасау фактісінің болмауымен келіскен жағдайда, осындай электрондық шот-фактураларды кері қайтарып алу және оларды кері қайтарып алу туралы түсінік беру арқылы;

2) хабарламада көрсетілген электрондық шот-фактуралар бойынша айналым жасау фактісінің болмауымен келіспеген жағдайда, операциялар (мәмілелер) және (немесе) тауарлардың шығу тегі бойынша құжаттардың, сондай-ақ іс жүзінде жұмыстардың орындалуын, қызметтердің көрсетілуін растайтын кез келген басқа құжаттардың көшірмелерін міндетті түрде қоса бере отырып, айналымның іс жүзінде жасалғанын растайтын негіздемемен түсінік беру арқылы орындайды.

Осы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау Салық кодексінің 86-бабы 2-тармағы б) тармақшасына сәйкес салық төлеушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға және Салық кодексінің 88-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес электрондық шот-фактураларды жазып беруді тоқтата тұруға әкеп соғады.

Мемлекеттік кірістер органы мен оның лауазымды адамдарының заңды талаптарын орындамау Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексінің 288-бабы 1 және 2-тармақтарына сәйкес әкімшілік жаза қолдануға негіз болады.

Анықталған операциялардың сипаттамасы бар қосымша \_\_\_\_\_ парақта қоса беріліп отыр.

\_\_\_\_\_ (лауазымы) (қолы) (мемлекеттік кірістер органының басшысы немесе уәкілетті тұлғаның ТАӘ)

Мөр орны

Хабарламаны алды:

\_\_\_\_\_ (салық төлеушінің (салық агентінің) ТАӘ немесе салық төлеушінің лауазымды тұлғасының ТАӘ, қолы, күні, мөрі (жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардан басқа))

Хабарлама салық төлеушіге (салық агентіне) тапсырылды:

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік кірістер органы лауазымды тұлғасының ТАӘ, қолы, күні)

Салық төлеушінің ТАӘ немесе атауы:

Хабарлама салық төлеушіге (салық агентіне) Жіберілді _____ _____	Мекенжайы: _____ _____
(жіберілгенін және (немесе) алынғанын растайтын құжат)	

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
2025 жылғы 6 қазандағы  
№ 573 бұйрығына 2-қосымша  
нысан

**Тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету бойынша айналымның іс жүзінде жасалғанын растау туралы хабарламаны орындалмады деп тану туралы шешім**

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл № \_\_\_\_

(мемлекеттік кірістер органының атауы, коды, мекенжайы)

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 142-бабының 5-тармағына сәйкес  
Сізге

салық төлеушінің (салық агентінің) жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген тегі, аты, әкесінің аты (егер ол көрсетілсе) (бұдан әрі – ТАӘ) немесе атауы, орналасқан жері, басшысының ТАӘ)

(жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

ұсынылған " " \_\_\_\_\_ 20 ж. № \_\_\_\_\_ тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету бойынша айналымның іс жүзінде жасалғанын растау туралы хабарлама орындалмаған деп танылады:

(тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету бойынша айналымның іс жүзінде жасалғанын растау туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешім қабылдауға негіз болған себептер көрсетіледі)

(лауазымы) (қолы) (мемлекеттік кірістер органының басшысы немесе уәкілетті тұлғаның ТАӘ)

Мөр орны

Шешімді алды:

(салық төлеушінің (салық агентінің) ТАӘ немесе салық төлеушінің лауазымды тұлғасының ТАӘ, қолы, күні, мөрі (жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардан басқа))

**Электрондық шот-фактуралар жазып беруді тоқтата тұру туралы шешім**

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл № \_\_\_\_

---

(мемлекеттік кірістер органының атауы, коды, мекенжайы)

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 88-бабына (бұдан әрі – Салық кодексі)

сәйкес, төмендегі негіз бойынша (қажетінің астын сызу):

- Салық кодексінің 88-бабының 1-тармағы 1-тармақшасы
- Салық кодексінің 88-бабының 1-тармағы 2-тармақшасы
- Салық кодексінің 88-бабының 1-тармағы 3-тармақшасы
- Салық кодексінің 88-бабының 1-тармағы 4-тармақшасы
- Салық кодексінің 88-бабының 1-тармағы 5-тармақшасы
- Салық кодексінің 88-бабының 1-тармағы 6-тармақшасы
- Салық кодексінің 88-бабының 1-тармағы 7-тармақшасы
- Салық кодексінің 88-бабының 1-тармағы 8-тармақшасы
- Салық кодексінің 88-бабының 1-тармағы 9-тармақшасы
- Салық кодексінің 88-бабының 1-тармағы 10-тармақшасы
- Салық кодексінің 88-бабының 1-тармағы 11-тармақшасы
- Салық кодексінің 88-бабының 1-тармағы 12-тармақшасы
- Салық кодексінің 88-бабының 1-тармағы 13-тармақшасы
- Салық кодексінің 88-бабының 1-тармағы 14-тармақшасы
- Салық кодексінің 88-бабының 1-тармағы 15-тармақшасы

төмендегі тұлғаның электрондық шот-фактураларды жазып беруі тоқтатыла тұрады

:

---

(салық төлеушінің (салық агентінің) жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген

тегі, аты, әкесінің аты (егер ол көрсетілсе) (бұдан әрі – ТАӘ) немесе атауы, орналасқан жері, басшысының ТАӘ)

---

(жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

---

(лауазымы) (қолы) (мемлекеттік кірістер органының басшысы немесе уәкілетті тұлғаның ТАӘ)

Мөр орны  
Шешімді алды:

---

(салық төлеушінің (салық агентінің) ТАӘ немесе салық төлеушінің лауазымды тұлғасының ТАӘ, қолы, күні, мөрі (жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардан басқа))

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
2025 жылғы 6 қазандағы  
№ 573 бұйрығына 4-қосымша  
нысан

**Электрондық шот-фактуралар жазып беруді тоқтата тұрудың күшін жою туралы шешім**

" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_ жыл № \_\_\_

---

(мемлекеттік кірістер органының атауы, коды, мекенжайы)  
Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 88-бабының 2-тармағына сәйкес,  
электрондық шот-фактураларды жазып беруді тоқтата тұруға себеп болған  
жағдайлар  
жойылуына байланысты

---

(салық төлеушінің (салық агентінің) жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген  
тегі, аты, әкесінің аты (егер ол көрсетілсе) (бұдан әрі – ТАӘ) немесе атауы,  
орналасқан жері, басшысының ТАӘ)

---

(жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

---

(лауазымы) (қолы) (мемлекеттік кірістер органының басшысы немесе уәкілетті тұлғаның ТАӘ)

Мөр орны  
Шешімді алды:

---

(салық төлеушінің (салық агентінің) ТАӘ немесе салық төлеушінің лауазымды тұлғасының ТАӘ, қолы, күні, мөрі (жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардан басқа))

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
2025 жылғы 6 қазандағы  
№ 573 бұйрығына 5-қосымша  
нысан

**Тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету бойынша айналымның іс жүзінде жасалғанын растау туралы хабарламаны орындамаған салық төлеушімен өзара есеп айырысу жасалғаны туралы хабархат**

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл № \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік кірістер органының атауы, коды, мекенжайы)

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 142-бабының 10-тармағына және 81-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес  
Сізге

\_\_\_\_\_ (салық төлеушінің (салық агентінің) жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген

тегі, аты, әкесінің аты (егер ол көрсетілсе) (бұдан әрі – ТАӘ) немесе атауы, орналасқан жері, басшысының ТАӘ)

\_\_\_\_\_ (жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Сіздің контрагентіңіз

\_\_\_\_\_ (контрагенттің ТАӘ немесе толық атауы)

\_\_\_\_\_ (жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

\_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ тауарларды өткізу,

жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету бойынша айналымның іс жүзінде жасалғанын растау туралы хабарлама белгіленген мерзімде орындамағанын, бұл электрондық шот-фактуралар жазып беруді және салық төлеушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға әкеп соқтырғанын хабарлаймыз. Аталған факт Салық кодексінің 156-бабының 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес салықтық тексеру тағайындауға негіз болып табылады. Сізге осы контрагентпен өзара есеп айырысулардың тиісті сомаларын алып тастау арқылы салықтық есептілікке өз еркіңізбен түзетулер енгізу мәселесін қарастыру қажет, бұл салықтық тексеру тағайындаудың алдын алу мақсатында жасалады.

Электрондық шот-фактуралардың тізбесі бар қосымша \_\_\_\_\_ парақта.

\_\_\_\_\_ (лауазымы) (қолы) (мемлекеттік кірістер органының басшысы немесе уәкілетті тұлғаның ТАӘ)

Мөр орны

Хабархатты алды:

(салық төлеушінің (салық агентінің) ТАӘ немесе салық төлеушінің лауазымды тұлғасының ТАӘ, қолы, күні, мөрі (жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардан басқа))

Хабархат салық төлеушіге (салық агентіне) тапсырылды:  (мемлекеттік кірістер органы лауазымды тұлғасының ТАӘ, қолы, күні)	Салық төлеушінің ТАӘ немесе атауы:  _____
Хабархат салық төлеушіге (салық агентіне) жіберілді	Мекенжайы:  _____ _____
(жіберілгенін және (немесе) алынғанын растайтын құжат)	

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
2025 жылғы 6 қазандағы  
№ 573 бұйрығына 6-қосымша  
нысан

**Тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету бойынша айналымның іс жүзінде жасалғанын растау туралы хабарламасы орындалмаған деп танылған салық төлеушімен өзара есеп айырысу жасалғаны туралы хабархат**

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл № \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік кірістер органының атауы, коды, мекенжайы)

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 142-бабының 10-тармағына және 81-бабының 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Сізге

\_\_\_\_\_ (салық төлеушінің (салық агентінің) жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген

тегі, аты, әкесінің аты (егер ол көрсетілсе) (бұдан әрі – ТАӘ) немесе атауы, орналасқан жері, басшысының ТАӘ)

\_\_\_\_\_ (жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Сіздің контрагентіңіздің

\_\_\_\_\_ (контрагенттің ТАӘ немесе толық атауы)

\_\_\_\_\_ (жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

атына тауарлардың шығу тегі, жұмыстардың нақты орындалуы, қызметтердің көрсетілуі электрондық шот-фактураларда расталмағанына байланысты, тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету бойынша айналымның іс жүзінде жасалғанын растау туралы № \_\_\_\_\_ " " \_\_\_\_\_ 20\_жылғы хабарлама орындалмаған деп танылғанын, бұл электрондық шот-фактураларды жазып беруін тоқтата тұруға әкелгенін хабарлаймыз. Аталған факт Салық кодексінің 156-бабының 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес салықтық тексеру тағайындауға негіз болып табылады. Сізге осы контрагентпен өзара есеп айырысулардың тиісті сомаларын алып тастау арқылы салықтық есептілікке өз еркіңізбен түзетулер енгізу мәселесін қарастыру қажет, бұл салықтық тексеру тағайындаудың алдын алу мақсатында жасалады.

Электрондық шот-фактуралардың тізбесі бар қосымша \_\_\_\_\_ парақта.

\_\_\_\_\_  
(лауазымы) (қолы) (мемлекеттік кірістер органының басшысы немесе уәкілетті тұлғаның ТАӘ)

Мөр орны

Хабархатты алды:

\_\_\_\_\_  
(салық төлеушінің (салық агентінің) ТАӘ немесе салық төлеушінің лауазымды тұлғасының ТАӘ, қолы, күні, мөрі (жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардан басқа))

Хабархат салық төлеушіге (салық агентіне) тапсырылды:  (мемлекеттік кірістер органы лауазымды тұлғасының ТАӘ, қолы, күні)	Салық төлеушінің ТАӘ немесе атауы:  _____
Хабархат салық төлеушіге (салық агентіне) жіберілді	Мекенжайы:  _____
(жіберілгенін және (немесе) алынғанын растайтын құжат)	

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
2025 жылғы 6 қазандағы  
№ 573 бұйрығына 7-қосымша

## Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күшін жою туралы тізбе

1. "Камералдық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік кірістер органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешімнің нысанын және оны шығару мерзімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қаржы министрінің 2019 жылғы 30

сәуірдегі № 411 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18633 болып тіркелген).

2. "Камералдық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік кірістер органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешімнің нысанын және оны шығару мерзімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 411 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2020 жылғы 3 наурыздағы № 221 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20103 болып тіркелген).

3. "Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электронды нысанда шот- фактуралардың жазып берілуін шектеу және мұндай шектеуді жою туралы қағидаларын, сондай-ақ осындай шешімдердің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2023 жылғы 15 наурыздағы № 279 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32088 болып тіркелген).

4. "Камералдық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік кірістер органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешімнің нысанын және оны шығару мерзімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 411 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2023 жылғы 20 наурыздағы № 284 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32100 болып тіркелген).

5. "Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электронды нысанда шот-фактуралардың жазып берілуін шектеу және мұндай шектеуді жою туралы қағидаларын, сондай-ақ осындай шешімдердің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2023 жылғы 15 наурыздағы № 279 бұйрығына өзгерту енгізу туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 29 ақпандағы № 116 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34105 болып тіркелген).

6. "Камералдық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік кірістер органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешімнің нысанын және оны шығару мерзімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 411 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 1 наурыздағы № 117 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34104 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК